

Рухани жаңғырудың негізгі кілті

Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына сай бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналып отыр. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашылмақ. Осы ретте қазақ елінің ұлттық санасын көтеруде бас ақын Абай Құнанбайұлы туындыларының ерекше орын алатынын ескеруіміз керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы қыркүйек айындағы Қазақстан халқына Жолдауында: «2020 жылы Әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларын атап өту жайлы, сонымен қатар ғұлама тұлғаларымыздың еңбектерін халық арасында дәріптеуіміз керек» деп айтылған. Осы тұрғыда үстіміздегі жылдың 9 қаңтарында Президентіміздің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы жарық көрді. Аталған мақалада Абай мұрасының тигізер пайдасының зор екендігі, ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтпағаны және Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық болатындығы айтылған.

Абай әрқашан шын ниетімен елді алға жылжуға күш салды, өсіп-өркендеуге тілеулес бола отырып, осы идеясын барынша өз шығармаларында дәріптеген. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білген ол, қазақ халқын бар жан-тәнімен дамылсыз оқып-үйренуге шақырды. Өз шығармаларында «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», деп тұжырымдап, керісінше ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Президентіміз ғұлама Абайға «ұлттық болмыстың үлгісі», «мемлекет ісінің мүдделесі», «жаңа қоғамның

жанашыры», «әлемдік мәдениеттің тұлғасы» деп жан-жақты нақты баға береді. Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Сондықтан барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейтіндіктен, ақыл-оймен ғана озатын кезең келді деп санаймыз. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді.

Ойшыл Абайдың туындыларының әрқайсысы жеке зерттеуге, арнайы көсіліп жазуға сұранып тұрған рухани қазына. Абай өлеңдерінің маңызы өте зор, онда ақынның бүкіл өмірі бейнеленген, жарқын болашағы мен армандары туралы баяндалады. Оның уайымдатқан мәселелері қазіргі заманға сай келеді. Адамдарды адамгершілік, имандылық, гуманизм және бейбітшілік мәселелері әлі

күнге дейін алаңдатып келеді. Бұл ақынның көркемсөзінің құдіреті. Абайдың шығармашылығы таңғажайып күш, керемет тереңдік пен жан-жақты болып келеді.

Қорытындылай келе, ғұлама ақын, ойшыл Абайдың мұрасын ұғыну ғасырдан-ғасырға жалғаса береді, оның мағыналы өлеңдері ешқашан да өзінің күшін жоғалтпайды. Ұлтты тәрбиелеймін десек Абайдың өлеңдерімен, шығармаларымен сусындату керек. Себебі Абай шығармаларындағы адам бойындағы қасиеттер адамгершілік тәрбиесі, еңбек ету, білім және ғылым, адамгершілік рух пен әділеттілік жайлы жазылуы, еңбектерінің өшпес мұра екендігіне кепілдік береді. Абай қалдырған ілімді тану арқылы біз өз болмысымызды танып, болашағымызды бағдарлаймыз.

Ақпар АЙЖАН,

Ш.Уәлиханов

атындағы Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері